

"Қолжетімді тұрғын үй - 2020" бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 маусымдағы № 821 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 мамырдағы № 560 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.06.2014 № 728 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 маусымдағы № 821 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасында:

«Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы» алынып тасталсын;
«Ағымдағы жағдайды талдау» деген 3-бөлімде: он үшінші бөліктің екінші сөйлеміндегі «кейіннен» деген сөз алынып тасталсын;

«Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, нысаналы индикаторлары және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері» деген 4-бөлімде:

«Бағдарламаның нысаналы индикаторлары және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері» деген кіші бөлімде:

кестенің «Жауапты мемлекеттік орган» деген бағанындағы «ҚТҚША» деген аббревиатура «ӨДМ» деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

«Бағдарламаны іске асыру кезеңдері» деген 5-бөлімде: бірінші бөліктің 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-тың тұрғын үйлері.»;
«ЖАО-да кезекте тұрғандар үшін тұрғын үй» деген кіші бөлімде: сегізінші бөліктегі екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:
«Ол үшін ЖАО жергілікті бюджетте тиісті жылға арналған республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат сомасының 15 %-ына дейін резерв қалыптастыруы қажет.» ;

«ҚТҚЖБ желісі бойынша тұрғын үй» деген кіші бөлімде:

1) тармақшаның тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Халықтың барлық санаттары үшін тұрғын үй»;

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тұрғын үй құрылысы аяқталғаннан кейін тұрғын үй, алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздары, жинақталған тұрғын үй құрылыс жинақтары және меншікті қаражат есебінен»;»;

алтыншы бөліктің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Алматы облысының аумағында Алматы қаласының шекарасына іргелес қала құрылысын ерекше реттеу аймағында таза әрленген тұрғын үйдің бір шаршы метрі үшін баға Алматы қаласы бойынша жайлылығы 3 және 4-сыныпты тұрғын үйдің бағасы сияқты көзделеді. Қала құрылысын ерекше реттеу аймағы «Алматы қаласының қала маңы аймағының бас жоспары туралы (Аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасы)» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 қазандағы № 1097 қаулысымен айқындалған.»;

он екінші бөліктегі екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

«Тұрғын үйді сатып алу салымшылардың жинақталған тұрғын үй құрылыс жинақтарының және ҚТҚЖБ беретін тұрғын үй қарыздарының есебінен жүргізіледі.»;

он төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Пулдарды қалыптастыру, тұрғын үйді бөлу және сатып алу тәртібін ҚТҚЖБ басқару органы айқындайды.»;

он бесінші бөлікте:

3-тармақтың екінші бөлігінде:

3) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Республикалық бюджеттен бюджеттік кредит қаражатын пайдалана отырып, ҚТҚЖБ қарыздарының есебінен тұрғын үй сатып алу үшін Бағдарламаға қатысушы мынадай талаптарға сай болуға тиіс:»;

мынадай мазмұндағы 6), 7) тармақшалармен толықтырылсын:

«6) Қазақстан Республикасының азаматтығы не оралман мәртебесі;

7) Бағдарламаға қатысуға өтініш беретін елді мекенде соңғы екі жыл бойы тіркелуде болуы;»;

4-тармақтың екінші бөлігінде:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Бағдарламаға қатысуға өтініш беретін елді мекенде соңғы екі жыл бойы тіркелуде болуы;»;

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) Қазақстан Республикасының азаматтығы не оралман мәртебесі.»;

«2) Жас отбасыларға арналған тұрғын үйлер» деген кіші бөлімде:

2) тармақшаның тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жас отбасыларға арналған тұрғын үйлер»;

бірінші бөліктегі 9-тармақтың 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Салымға жарналар жинақтау тәртібі тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шартпен және ҚТҚЖБ ішкі құжаттарымен айқындалады.»;

14 - тармақта:

үшінші бөліктің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Алматы облысының аумағында Алматы қаласының шекарасына іргелес қала құрылысын ерекше реттеу аймағында таза әрленген тұрғын үйдің бір шаршы метрі үшін баға Алматы қаласы бойынша жайлылығы 3 және 4-сыныпты тұрғын үйдің бағасы сияқты көзделеді. Қала құрылысын ерекше реттеу аймағы «Алматы қаласының қала маңы аймағының бас жоспары туралы (Аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасы)» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 қазандағы № 1097 қаулысымен айқындалған.»;

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Тұрғын үй салуға және (немесе) жеке құрылыс салушылардан сатып алуға арналған шығындар оны салу құнынан асып кеткен жағдайда, жергілікті бюджеттің есебінен жүргізілуі мүмкін. Ол үшін ЖАО жергілікті бюджетте тиісті жылға арналған республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат сомасының 15 %-ына дейін резерв қалыптастыруы қажет.»;

он екінші бөлікте:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Бағдарламаға қатысуға өтініш берген кезде ерлі-зайыптылардың екеуі де 29 жасқа толмаған болуы не балаларды (баланы) 29 жасқа толмаған, оның ішінде ажырасқан, жесір (тұл ер) ата-ананың біреуі тәрбиелеп отырған толық емес отбасы, болуы;»;

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) Қазақстан Республикасының азаматтығы не оралман мәртебесі.»;

он алтыншы бөлік мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған, жиырма тоғыз жасқа толмаған, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың санатына жататын ерлі-зайыптылардың әрқайсысы үшін – 10 балл.»;

«ҚИК» ИҰ» АҚ-тың тұрғын үйі» деген кіші бөлімде:

бүкіл мәтін бойынша «ҚТҚЖБ» деген аббревиатура «ӨДМ» деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

2 - тармақта:

бірінші бөліктің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жалға берілетін тұрғын үй салу үшін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жеткізілген жер учаскелерін және қайтадан қолдану үшін қолда бар жобалау-сметалық құжаттаманы «ҚИК» ИҰ» АҚ-тың меншігіне береді;»;

бесінші бөліктегі 3) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Егер азаматтар Бағдарламаға тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында қатысқан жағдайда, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органынан Бағдарламаға қатысуға өтініш берілген елді мекенде өтініш берушіге меншік құқығында тиесілі тұрғын үйі бар екені туралы анықтаманы және тұрғын үй жағдайларын жақсарту қажеттілігін растайтын құжаттарды ұсынуы қажет;»;

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Бұл ретте «ҚИК» ИҰ» АҚ-тың және оның еншілес/тәуелді ұйымдары арасындағы өзара қарым-қатынас жеке келісімдердің, оның ішінде мүлікті сенімгерлікпен басқару шарттарының негізінде қамтамасыз етіледі. Еншілес/тәуелді ұйымдар шеккен шығындардың жалпы сомасы Бағдарламада көзделген сомалардың шегінде жалға берілетін тұрғын үйдің өзіндік құнына жатқызылады.»

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«ҚИК» ИҰ» АҚ инвесторлардың шектелмеген тобының арасындағы сыртқы және ішкі қор нарығында қамтамасыз етілген облигацияларды, оның ішінде мемлекеттік кепілдігі бар, секьюритизлендірілген облигацияларды орналастыру арқылы жеке инвестицияларды, халықаралық қаржы институттарының қарыздарын және исламдық қаржыландыру құралдарын тартады. 2015 – 2030 жылдар аралығында жалпы сомасы 1 080,456 млрд. теңге, оның ішінде: 2015 – 2020 жылдары – 318,452 млрд. теңге және 2021–2030 жылдары – 762,004 млрд. теңге болатын жеке инвестицияларды тарту жоспарланып отыр.»;

12 - т а р м а қ т а :

үшінші бөліктің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) сатып алу құқығы бар жалдау шартының мерзімі 15 жылды құрайды. Кіріс жеткіліксіз болған жағдайда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, жасы жиырма тоғызға толмаған, кәмелет жасына толғанға дейін ата-анасынан айырылған балалар үшін сатып алу құқығы бар жалдау шартының мерзімі 15 жылдан 30 жылға дейін болуы мүмкін;»;

төртінші бөліктің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Алматы облысының аумағында Алматы қаласының шекарасына іргелес қала құрылысын ерекше реттеу аймағында таза әрленген тұрғын үйдің бір шаршы метрі үшін баға Алматы қаласы бойынша жайлылығы 3 және 4-сыныпты тұрғын үйдің бағасы сияқты көзделеді. Қала құрылысын ерекше реттеу аймағы «Алматы қаласының қала маңы аймағының бас жоспары туралы (Аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасы)» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 қазандағы № 1097 қаулысымен айқындалған.»;

мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

«Сатып алу құқығымен жалға беру шартының қолданылу кезеңінде жалға берілген тұрғын үй бойынша коммуналдық және пайдалану қызметтеріне ақы төлеуді жалға алушылар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке тұлғалар үшін белгіленген тарифтер бойынша жүргізуге тиіс.»;

«Авариялық тұрғын үйді бұзу жөніндегі пилоттық жобалар шеңберіндегі тұрғын үй» деген кіші бөлімде:

жиырма бірінші бөліктің 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) тұрғындарға мөлшері бұзылатын тұрғын үй алаңынан кем болмайтын, бірақ бір бөлмелі пәтерден кем емес жаңа пәтерлер беру;»;

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның тұрғын үй салуы» деген кіші бөлімде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-тың тұрғын үйлері;»

үшінші бөлік алынып тасталсын;

төртінші бөлікте «, оның ішінде пилоттық жобаларды» деген сөздер алынып тасталсын;

«Тұрғын үй объектілерін салу тетіктерінде»:

екінші бөліктегі 1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) ауыртпалықтан бос, жергілікті атқарушы органдардың инфрақұрылымды дамыту жоспарларына сәйкес тиісті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз ету жоспарланған жер учаскелерінің болуы;»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) құрылыс салушының (инвестордың) жобаға қатысу үлесі жер учаскесін (кадастрлық құны бойынша) сатып алуға, жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге және мемлекеттік сараптама жүргізуге жұмсалған шығындарды және/немесе объектінің құрылысы аяқталғанға дейінгі мерзімге берілген тиісті кепілдіктермен не қаржыландырудың расталған көздерімен қамтамасыз етілген ақшалай қаражатты және/немесе жобаны Жылжымайтын мүлік қорының қатысуымен іске асыру басталған сәтке дейін объектіде орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі бойынша жасалған техникалық аудит қорытындысымен расталған аяқталмаған құрылысты қоса алғанда, жоба құнының 20 %-ынан кем болмауға тиіс;»;

б) тармақша алынып тасталсын;

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«ЖАО Жылжымайтын мүлік қорына тиісті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз ету жоспарланған жер учаскелерін берген жағдайда, Жылжымайтын мүлік қоры жобаларды іске

асыруға қатысу үшін құрылыс компанияларын (инвесторларды) тарта отырып, осы кіші бөлімнің 1-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін тұрғын үй салуды ұйымдастырады. Бұл ретте Жылжымайтын мүлік қоры құрылыс компанияларын инвесторлар және/немесе жоба бойынша бас мердігерлер ретінде т а р т у ы м ү м к і н . » ;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Жылжымайтын мүлік қорының салынып жатқан тұрғын үй объектілерінен немесе құрылысы аяқталған объектілерден осы кіші бөлімнің 1-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды сатып алуды жүзеге асыруға құқығы бар.»;

6-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Жылжымайтын мүлік қорының тұрғын және коммерциялық үй-жайларын (машина орындарын) жалға беру, сатып алу құқығымен жалға беру және тікелей сату арқылы өткізуді Жылжымайтын мүлік қоры (Жылжымайтын мүлік қорының аффилиирленген компаниясы) оларға меншік құқығы ресімделгеннен кейін және Жылжымайтын мүлік қорының ішкі қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.»;

«Қажетті ресурстар» деген 6-бөлімде:

«Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже» деген кіші бөлімде:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-тың меншікті қаражаты және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен 2013 жылы – 60,0 мың шаршы метр, 2014 жылы – 90,0 мың шаршы метр, 2015 - 2020 жылдары – 150,0 мың шаршы метр тұрғын үй салынатын болады.»;

«Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары» деген 7-бөлімнің 4 ж ә н е 7 - б а ғ а н д а р ы н д а :

«ҚТҮШИА» деген аббревиатура «ӨДМ» деген аббревиатурамен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«ЭДСМ» деген аббревиатура «ЭБЖМ» деген аббревиатурамен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

Көрсетілген Бағдарлама мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

«Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҚРҮ – Қазақстан Республикасының Үкіметі;

ӨДМ – Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі;

ЭБЖМ – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау м и н и с т р л і г і ;

Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі;

ҚР ҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар;

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры»

акционерлік қоғамы ;
«Жылжымайтын мүлік қоры» АҚ – «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік
қоры» акционерлік қоғамы ;
ҚТҚЖБ – «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік
қоғамы ;
«ҚИК» ИҰ» АҚ – «Қазақстандық ипотекалық компания» ипотекалық ұйым»
акционерлік қоғамы ;
ӘКК – әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация;
ТҚК – тұрғын үй құрылысы кооперативтері;
ҚР ҚНЖЕ – Қазақстан Республикасының Құрылыс нормалары және ережелері
;
ЖТҚ – жеке тұрғын үй құрылысы.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *С. Ахметов*